

## Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 22 қаңтардағы № 15-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 14 наурызда № 9217 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2) тармақшасына және 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекіту Ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 19 наурыздағы № 80-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2237 тіркелген, "Ресми газеттің" 2003 жылғы 17 мамырдағы № 20 нөмірінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекіту ережесінде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген табиғи монополиялар субъектілері уәкілетті органнан оны Табиғи монополиялар субъектілерінің тіркеліміне енгізілгені туралы хабарламаны алған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органға тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекітуге өтінім ұсынады.";

8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Өтінімге қоса беріліп отырған есептер мен негіздеуші материалдар мына талаптарға жауап беруге тиісті:

1) Өтінімнің материалдары тігіледі, нөмірленеді және табиғи монополия субъектісінің мөрімен және басшысының қолымен расталады. Бұл ретте ұсынылған қаржы құжаттарына табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын тұлғалар қол қояды және табиғи монополия субъектісінің мөрімен расталады;

2) негіздеуші материалдар алдағы жоспарланатын жылға (төрт тоқсан) арналған есепте ұсынылады;

3) негіздеуші материалдар ретінде жоспарланған шығындар, кірістер туралы деректер ұсынылады;

4) негіздеуші материалдар реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша жеке ұсынылады.

9. Табиғи монополиялар субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) ұсынуға арналған тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) және тарифтік сметаның жобасын уәкілетті орган құнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

Тариф (баға, алым мөлшерлемесі) және тарифтік смета жобаларын қарау мерзімі өтінімнің уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап саналады.

10. Уәкілетті орган қажет болған жағдайда тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) және тарифтік сметаның жобаларына тәуелсіз сарапшыларды, мемлекеттік органдарды, тұтынушыларды және олардың қоғамдық ұйымдарын тарта отырып, табиғи монополиялар субъектісі өтініммен бірге ұсынған негіздеуші құжаттар мен есептерді талдау, сондай-ақ осындай қызмет түрімен айналысатын табиғи монополиялар субъектілерінің қызмет көрсеткішінің салыстырмалы талдау негізінде сараптама жүргізеді.";

11-тармақ алып тасталсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту туралы шешім уәкілетті органның бүйрығы түрінде ресімделеді және табиғи монополия субъектісіне бекітілген тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны енгізгенге дейін құнтізбелік он бес күннен кешіктірмей жіберіледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Табиғи монополия субъектісі тұтынушыларға тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны оңайлатылған тәртіппен енгізілгені туралы ресми бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оны қолданысқа енгізгенге дейін құнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.";

15-тармақ алып тасталсын;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны оңайлатылған тәртіппен енгізген сәттен бастап табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға алты айдан кешіктірмей тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны жалпы тәртіппен қайта қарау үшін өтініш білдіреді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Оңайлатылған тәртіппен бекітілген тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны көтерген жағдайда уәкілетті орган жаңа тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны енгізумен қатар тұтынушыларға келтірілген залалға өтемеңдер төлеу туралы шешім қабылдайды.";

2) Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.01.2018 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.01.2018 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Стратегиялық жоспарлау, жиынтық талдау және халықаралық ынтымақтастық департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) оны ресми бұқаралық ақпарат құралдарында заңнамада белгіленген тәртіппен жариялауды, кейін жарияланғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Экімшілік жұмысы департаменті осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) көшірмесін күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйеге ресми жариялау үшін қағаз және электронды жеткізгіште жолдасын;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.Ж. Дүйсебаевқа жүктелсін.

6. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

М. Оспанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрі

Е. Досаев

2014 жылғы 6 ақпан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК